

« №28 Абылай хан атындағы жалпы орта мектебі» ҚММ



«Бекітілді»
Мектеп директоры:
Ж.Есенбетов

«Қош келдің, жаңа жыл!»

үйде оқытылатын ерекше білімді қажет ететін
балаларға, арналған іс-шара

2022-2023 оқу жылы

**"Қош келдің, Жаңа жыл" үйде оқытылатын ерекше білімді
кажет ететін балаларға, арналған іс-шара.**

Торлет Жаңа жыл!

I жүргізуші: Ассалаумағалайкум! Құрметті қонақтар!

II жүргізуші: Армысыздар, ардақты ұстаздар, оқушылар!

I жүргізуші:

Жаңа жыл – жаңа қадам, жаңа бағыт,

Болашақ сыйлайтындай жаңа бақыт.

Қой жылы кеп қалды ортамызға,

Жақсылықпен жалғассын жаңа уақыт.

Құтты болсын жаңа жыл, барша халық.

Қуанышқа, шаттыққа тамсанайық.

Бәрімізге шынайы тілек тілеп,

Бар әлемге бақытпен жар салайық!

II жүргізуші:

Жаңа күнде ән қылып,

Тек жүреміз сән құрып.

Көңілдердей қартаймай,

Шырша тұрар мәңгілік!

(I жүргізушіге) Айдана! Білесің бе, осы Жаңа жыл әлемдегі ең көп, әрі ең керемет тойланатын мереке екен.

I жүргізуші: Дұрыс айтасың, Диас. Бұл күні қуанбаған жан қалмайды. Бәрінің жүздерінде күлкі мен шаттық. Әлемнің әр жерінде от шашулар атылып, жаңа жылдық шыршалар бой көтеріп, еңбектеген баладан еңкейген қарияға дейін бақыттың құшағында жүреді екен!

II жүргізуші: Құрметті, ұстаздар, оқушылар! Сіздерді осындай бақытты шактың қуанышы – Жаңа жылы мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз!

I жүргізуші: Жаңа жыл тек қана бақыт, қуаныш әкелсін дей отырып, бүгінгі көңілді кешіміздің алғашқы сөз кезегін мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Сунгатова Асем Ермековнаға береміз.

II жүргізуші:

Жаңа жыл - қайсарлық пен жүректілік,

Баратын болашаққа білек түріп.

Әдемі тілектерге қол соғамыз,

Әлемге жақсылықтар тілеп тұрып.

I жүргізуші: Өзінің құттықтау әнімен ортаға әншілеріңіз Елнұр келіп тұр екен, қарсы алыңыздар!

Музыка косылады. Бірақ әнші әнді айтпайды.

Әнші: О, ағайын! Мен ән сала алмаймын. Орталарында не Аяз ата, не Акша қар жоқ. Қалай болғаны? Жаңа жыл деген өзіндік ерекшелігімен болу керек қой. Аяз ата мен Акша қар келмей, мен ән айта алмаймын.

II жүргізуші: Ойбуууу, ұят болды ғой! Біз шынымен осы Жаңа жылдың иесін ұмытып кетіппіз ғой. Достар, ендеше бәріміз бір ауыздан Аяз ата мен Акша қарды шақырып алайық. Қалай қарайсыздар?!

I жүргізуші: *Ақ киімді, денелі, ақ сақалды - деп, Абай атамыз жырға қосқандай, ұзақ күттірмей, барлық балалардың қуанышы Аяз атаны ортаға шақырайық.*

Аяз ата! Аяз ата! Аяз ата!

II жүргізуші: Біз бәлкім шын көңілмен шақырмай жатқан болармыз! Кәне, достар, не тұрыс, шын ниетпен, бар күшімізбен Аяз атаны шақырайық! Аяз ата! Аяз ата! Аяз ата!

Аяз ата келеді. Қасында Ақша қары бар. Таяғын тарсылдата кіріп келеді.

Аяз ата:

Сендерге көк жүзінен нұрдай болып,

Жауғанын капалақтап көріп қардың,

Асыға ұшып келдім құрдай жорып,

Ал, достар алдарыңа келіп қалдым.

Оо, қарақтарым! Мен сендерді сағына жетіп келдім. Шын тілеген ниеттеріңнің арқасында Ақша қар екеуіміз сонау солтүстіктен бұғымызға шанамызды жеге салып келіп тұрмыз.

Ақша қар: Аяз ата, дұрыс айтасыз! Иә, достар. Біз келгенше көптеген жерлерде болдық. Әлемнің әр жерінде той-думан болып жатыр.

I жүргізуші: Аяз ата, ортамызға қош келдіңіз. Сіз де, Ақша қар. Сіздер келмесе ән салмаймыз деп, әншілеріміз ренжіп отыр. Өздеріңіз бір тілек айтып, ән салдыртсаңыздар.

Аяз ата:

Келтірейін сәніңді.

Бұзба енді мәніңді.

Әнші қыздар, тоқтама,

Шырқап жібер әніңді.

Елнұр ән салады. Ән айтылып болған соң Аяз ата әншіге сыйлығын береді.

II жүргізуші: Аяз ата, көрдіңіз бе, біздің жастар өнерлі. Сіз келеді деп күтіп отырғандары қаншама?! Солардың да өнерін тамашаласак.

II жүргізуші: Ендеше ортаға биші қызымызды шақырайық. "Домбыра" биімен Аружанды қарсы алыңыздар!

Аяз ата:

Тамаша, тамаша,

Күн туылды жаңаша.

Тамсанады барлығы,

Өнеріне қараса.

Тамаша, тамаша!!!

Ақша қар, сыйлықтар қайда, кәне, берші. Мен мына жастардың жарқын жүздеріне, тамаша өнеріне тамсанып отырмын.

Сыйлықтар беріледі.

II жүргізуші: О, халайық, жарандар.

Қилы-килы заман бар.

Жылқы жылы шапқылап,

Кетіп барады қараңдар.

О, халайық, халайық.

Қош айтысып қалайық!

Жылқы:

Қуанышты ортамыз сазға ұласқан
Тілегім болсын мәңгі ашық аспан
2015 жылы қадам басқан
Гүлденіп көркейе бер, Қазақстан!
Келесі жыл бастауын Қойға беремін.
Қош сау болыңдар!

(Сахнаға Қой шығады.)

Қой:

Мен дағы бір қонақпын
Он екі жылда оралар
Үлкендерге ақ ниет
Сіздерге де ақ ниет.
Сіздерге мың рахмет.

2-жүргізуші:

Ар бол, **Жаңа жыл!** Бар бол, **Жаңа жыл.**
Қадамың құтты болсын, **Жаңа жыл.**
Бейбітшілік жылы бол, **Жаңа жыл.**
Құт-береке жылы бол, **Жаңа жыл.**

Ақшақар: Қош келдің **Жаңа жыл!**

Аяз ата: - Ал, айналайын **Жаңа жыл**, келген қадамыңа нұр бітсін! Мынау менің ұлдарым мен қыздарым, мынау халайық бір өзіңе аманат. Он екі ай бойы бағып-қақ. Жақсы жыл бол, дария нұр бол, **Жаңа жыл!**

I жүргізуші:

Аяз атамыз бүгін сыйлыққа тола келген екен. Өнерлі жастарымыз да бір риза болып қайтатын болды. Аяз ата, бізде тақпақ айтатын балалар да бар еді. Солар сізге және Ақша қарға, Жаңа жылға арнаған жырын оқып берсем деп тұр, қалай қарайсыз?!

Аяз ата:

Мынау жатқан қазақтың жері емес пе,
Ақындарын сыйлаған ел емес пе.
Өнеріне бір тамсанайық!

«Аппақ қыс» Т.Айбергенов.

II жүргізуші: Бәрекелді! Шабыттарың шарықтай берсін!

Ақша қар: Қандай керемет жыр жолдары!

II жүргізуші: Ортаға КВН –дық әзілкештерді шақырамыз!

Назерке:

Жаңа жылға әнім бар
Қол ұстасып, биге басып,
Жыл әніне салыңдар
Бәріңізге бір сәлем.

Назеркенің орындауында ән : «Жаңа жыл».

Жанель :

Мың бұралған бишімін,

Біле білсең әншімін.

Биле, биле достарым,

Бірге биле достарым!

Жанелдін орындауында би.

Даяна: Құтты болсын Жаңа жыл!

Құтты болсын Жаңа жыл!

Ән тыңдайық, құр тұрмайық,

Би билейік, шаттанып.

Даяннаның орындауында ән.

I жүргізуші: Көрініс. Оспанхан Әубәкіров «Дүрбелең».

II жүргізуші: Ойын «Бұл не?» Балалар мен ата – аналар екі топқа бөлінеді.

Топтар кезек – кезек сурет жасырады. Екінші топ сөзбен суреттегіні бейнелейді.

Ойын «Ән айтайық». Үш ата – ана ортаға шығады.

1 – Төменгі ерінді тістеп тұрып айту.

2 – Аузына қарындаш қыстырып алып айту.

3 – Мұрынды қысып тұрып айту.

Ата – аналармен ойын «Тез жет» Допты аяқтарының арасына қыстырып алып белгілі межеге дейін жүгіріп барады.

Аяз ата: Ал, қарактарым! Менің сағатым соғып жатыр. Мені күтіп отырған қаншама ел мен жер бар. Сонда барайын. Сендерге көп рақмет! Өнерлерің өрге жүзсін. Биік шыңдардан көрініңдер!

Жаңа жыл - жаңа бағыт,

Әкелсін далама құт.

Өнерлілерің көп болсын,

Елде уайым жоқ болсын.

Тілектерің ақ болсын,

Бастарыңа бақ қонсын.

Келер жылы келермін,

Өнер тағы көрермін.

I жүргізуші: Ал, құрметті достар! Бәріміз бірге Аяз атаны шығарып салайық.

Ән «Аяз ата»

II жүргізуші: Аяз ата, келесі кездескенше аман болыңыз. Біз сізді асыға күтеміз.

Аяз ата қызын ертіп, көмекшілерімен бірге шығып кетеді.

I жүргізуші: Құрметті достар!

II жүргізуші: Қадірлі ұстаздар, қонақтар!

I жүргізуші: Жаңа жыл! Осы жыл барлық отбасыларыңызға бақыт пен шаттық әкелсін. Еңбектеріңіз жемісті болсын. Табысқа кенеліп, бақытты болайық!

II жүргізуші: Ата – аналарға құттықтау сөзі беріледі.

Жаңа жыл құтты болсын! Келесі кездескенше сау-саламатта болыңыздар.

**«№28 Абылай хан атындағы жалпы білім беретін мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

**«Үйде оқытылатын ерекше білімді қажет ететін балаларға» жаңа
жылдық кеш өткізілуі туралы
2022-2023 оқу жылы**

Анықтама

Сарыағаш ауданының адами әлеуетті дамыту бөліміне қарасты
№28 Абылай хан атындағы жалпы орта мектебінде, 28.12.2021ж
мектебіміздің директоры Ж.Еспенбетовтың басшылығымен,
әлеуметтік педагог Алимбекқызы Қалжан «Үйде оқытылатын ерекше
білімді қажет ететін балаларға» жаңа жылдық кішігірім көңіл күй сыйлау
үшін, іс-шара ұйымдастырды. ДТДЖО Н.Сейдалиева балаларға жылы лебізін
білдіріп, жақсы тілектерін айтты.
Оқушыларға демеушілік тарапынан сыйлықтар берілді.
Іс-шара балаларға жақсы көңіл күй сыйлады, ата-аналары да өз
ризашылығын білдірді.

Әлеуметтік педагог:

Алимбекқызы Қ.



Жаңа жылдык кештен үзінді